

## **Түсінік хат**

«Ана тілін үйрену- сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру зандарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің санасыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу ұлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсапасын да менгереді.»

Ж. Аймауытов.

Вариативті көпонентінің 1 сағаты «Мысығым-қызығым » тақырыбында таңдалынып алынды.

Үй жануарларымен қатынастың жағымды әсері бар екендігін психология мен педагогтар ғана байқап қойған жоқ.

Мысықты күтіп баққан балалар әлдеқайда сабырлы болғандығы дәлелденген, мысықпен ойнау баланың ой-өрісін кеңейтіп, табиғаттың зандылықтарын іс-жүзінде түсініп білуге көмектеседі. Баланың жануарлармен қарым –қатынасын бақыламаса баланың тұлға ретінде дамуына кері әсер етіп зиян келтіруі мүмкін. Баланың жануарға деген қатынасы оның кейбір әрекеттері бірнеше себептерге байланысты дұрыс болмауы мүмкін. Соңдықтан балаларға тірі табиғаттың бөлігі –мысықты қадірлеуге, онымен жақсы қарым-қатынас орнатуға, үйдің көрікті әрі сүйкімді мысығына қамқор болуды үйрету.

Сонымен қатар, бала жануармен етene жақын болу арқылы, өзін қызықтыратын нәрсе туралы білгісі келіп жануарды түрлі ойындарға тартуы мүмкін. Мұндай бақылаусыз, үлкендердің басшылығының қарым-қатынастың жануар үшін де бала үшін де өте қауіпті болып шығады.

Таңдау курсын балаға мысықтың табиғатын терең зерттеп, оның болмысын, қылышын және пайдасын білуге көп мүмкіндік береді.

## **Вариатив «Мысығым – қызығым»**

**Таңдау курсын қатысушылар педагогтар,балалар !**

**Мақсаты:** Түрлі іс шаралар арқылы балалардың бойынша хайуанаттар әлемі мүшелеріне деген дұрыс көзқарас,қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық ой-өрістерін дамыту.

- Дидактикалық іс- қимыл қозғалыстық ойындар
- Жұмбақ шешіп,жаңылтпаштар жаттап,өлең айту
- Танымдық қабілеттерін дамыту
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту
- Шығармашылық ойлаудың дамуы
- Қатынас – байланыстық дағдыларды дамыту

### **Дайындық кезеңі**

- Аналарға анкета толтыру
- Балаларға үй жануарлары туралы білім деңгейін анықтау
- Бейнелеумен айналысу үшін материалдар дайындау
- Оқу үшін көркем әдебиеттер таңдау
- Үй жануарлары мен альбом жасау

### **Жобаны жүзеге асыру**

- Көркем әдебиетті, энциклопедияны оқу, қарап танысу
- Диадқтикалық, ауыз екі сөйлесу,сюжеттік рольдік ойындарды ойнау
- Ертеғілерді. Қысқа этюдтерді көріністеу
- Ойын сабақтарын өткізу
- Топтық заттық-дамыту ортасын толықтыру

### **Қорытынды кезеңі**

- Суреттер мен қолдан жасалған заттар көрмесі
- Балалардың бос уақытын ұйымдастыру

«Мысығым-қызығым» тақырыбындағы таңдау курсының перспективалық жоспары

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Откізу</b>	<b>Құралдар</b>	<b>Сағ. Сан</b>	<b>Мерзімі</b>
1	Мысықтар: не білеміз? Не білмейміз?	Мысықтар туралы түсінік беру,балалардың киялын дамыту суретке қарап әңгіме құрастыруды үйрету. Мысық түрлерімен таныстыру	Әңгіме	Мысық	1	
2	«Мысығым-қызығым»	Балалар өз мысықтарының қызықтарын қызықтау.	Әңгіме	Ертегі кітаптар	1	
3	«Марғаулар әлемі»	Балаларды мысықтың балаларымен таныстыру	Саяхат мысықтардың суреттері		1	
4	Үй мысықтарының ерекшеліктері	Балаларға мысықтардың әртүрлі болатынын түсіндіру,олардың айырмашылығын түсіндіру,есте сақтау қабілеттерін дамыту		мысық	1	
5	Таңғажайып оқиғалар	Әлемдегі оқиғалалардың балаларға айту,есте сақтау қабілеттерін дамыту		Есінде сақта кітаптар	1	
6	«Үлкен мысықтың әлемінде»	Түрлі мысықтар мен таныстыру. Олардың айырмашылығын бақылау.	Теледидар қарау	Венн диаграммасына суретсалу	1	
7	«Мысық неге тاماқ ішкен соң жуынады?»	Ертегінің мағынасын түсініп,әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету.		Ертегі кітап	1	
8	«Топтағы мысықтар күні»	Балалар мысықтар болып кінеді.		Мысықтар маскасы	1	
9	«Мысықтың сиқыры мен емдік қасиеттері»	Балаларға мысықтың емдік қасиеттерін айту, есте сақтау қабілеттерін дамыту	әңгіме	Үй мысығы	1	
10	«Мысығым менің керемет»	Балаларға мысықтың суреттерін сағызу.		Сурет альбом	1	
11	«Мысық неліктен тышқан жейді?»	Балаларға немен қоректенетінін айту, мысық пайдалы екенін түсіндіру	Тышқанның, мысықтың суреттері	Тышқан мысық	1	
12	«Жалқау мысық пен ұры тышқандар»	Ертегінің мағынасын түсініп,әрекеттерінің дамуын үйрету.Олардың сезімдерімен салыстыруға білуге үйрету.	салыстыру	суреттер	1	

13	Сергіту сәттері «Пеш түбінде мысық отыр, екі көзін қысып отыр»	Әр түрлі сергіту сәттерін менгерту	Іс-қимыл	Өлең кітаптар	1	
14	«Әжемнің әңгімелері»	Балаларға қыска әңгімелерді тыңдату	Әңгіме кітаптар		1	
15	«Мақта қыз бен мысық» қонақта	Балаларға ертегіні оқу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту	Мақта қыз, мысық	Мақта қыз және мысық	1	
16	«Сүйкімді мысықтар» биі	Балалардың мимикалық қабілеттерін арттыру .Мысықтар биік қымылдарын өз өнерлерін көрсетуге	Би ырғагы	Магнитафон дискілер	1	
17	«Жұмбак шешу»	Тілдің дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу. Сөздік қорын дамыту байқау	Сөздік қорын дамыту, сайыс сабак	Жұмбак кітаптар	1	
18	«Марғаулар немен қоректенеді»?	Балалардан мысық балаларын немен қоректенетінің, не жейтінін, не ішетінін сұрау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту	Логикалық ойлау қабілеттерін жоғарлату	Мысық суреттері	1	
19	«Том и Джерри» мультфильмін көрсету	Мысық туралы түсінік беру, мультфильмде мысық пен тышқанның ерекшеліктерін салыстырып айтуда ажыратада үрету	Балалардың ойын тыңдау	Мультфильм көрсету, саяхат	1	
20	«Леопольдке көмек»	Ермексазben ұзын мысық мүсінін жасауға болатынын айтуда	Ермексазben жұмыс	Мультфильмдер дискілер	1	
21	Кішкене марғауды мүсіндейміз	Балалардың саусақ, қол маторикасын дамыту	Ермексаз	Бала мысық суреттері, ермексаз	1	
22	Мысықтар әліппесі	Бір күнде ата-аналарға арнау, олардың сөздік қорын молайту, орыс әліппені шешуге деген қызығушылығын арттыру	Екі тілде сөйлеу	Мысықтар әліппесі, мысықтар жайлы кітаптар	1	
23	«Мысықтар театры»	Балаларды шашаңдыққа тазалықта, мейірімдікке тәрбиелеу	Этика, эстетикалық қос тәрбие	Қуыршақ театры	1	
24	«Ен сүйкімді мысығым»	Қолөнер, сувинерлер мен таныстыруды	Көрме ұйымдастыруды	папкілер	1	
25	«Қағаз мысық»	Қағаз қындыларын пайдалана отырып	Іскерлік шеберліктері	қағаздар	1	

		іскерлік дағдыларын дамыту	н жоғарлату			
26	«Мысықтың үйшігі»	Ертегіні балаларға түсіндіру. Сөздік қорын молайту. Өз ойларын ашиқ жеткізе білуге үйрету	Пікір талас	Ертегі кітаптар	1	
27	«Тышқан мен мысық» ойыны	Сюжеттік рольдік ойындарды түсіндіру	Балаларлды ойнату	Ойын кітаптар	1	
28	«Мысықтард ың жуынуы»	Балаларға өз денелеріне массаж жасай білуге дағдыландауды	Денсаулық бөлмесіне массаждар	Денсаулық журналы	1	
29	«Мысықтар қалай дыбыстайды» ?	Балалар мысықтардың қалай дыбыстайтынын ажыратады естулерін дамытады	Кітаптар әр түрлі дыбыс шығаратын мысықтар	кітапшалар	1	
30	«Мысықтар қандай қызықты!»	Мысықтардың қызықтарын бақылау	оыйн	Әр түрлі ұзын жіптер	1	
31	«Шалқан ертегісі»	Балалардың ойын дамыту,есте сақтау қабілетін дамыту, Балаларды ауыз біршілікке,ұйымшылдыққ а тәрбиелеу	Ертегі кітап	кітаптар	1	
32	«Мысығым – қызығым!» фотокөрме	Балалар үйлеріндегі мысықтарды суретке түсіріп,суреке қарап әңгіме құрастыруға үйрету	Мысықтарда н көрме ұйымдастыруду	суреттер	1	

**Бекітемін:**  
**«Айлин» балалар бөбекжай**  
**балабакша мемгерушісі:**

**М. А. Даудақова**



# Қызықты математика

*«Алтын дән» ересек тобы*

2021-2022 оку жылы

## Түсінік хат

Қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі-оқушылардың шығармашылық қабілетін барынша ашып,толыққанды қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашылық қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Соңдықтан математиканы оқытуда оқушыларға оқу материалын еске сақтау емес,осы материалды шығармашылықпен қолдау шеберлігін қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді.

Математикалық есептерді шығару үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеті жеке тұлға қасиеттері қалыптасады. Есеп шығару шеберлігі арқылы оқушының математикалық танымының дамуын және оның ой әрекетінің белгілі бір сапасын анықтап, дамытуға болады. вариатив сабактар дегеніміз-оқушылардың білімін кеңейту және тереңдету, олардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту мақсатында жүргізілетін сабактар.

Жеткіншек ұрпаққа сапалы да тиянақты білім беріп, адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу және оларды белгілі бір пән саласына икемдеу қазіргі таңдағы ұстаздар қауымының маңызды міндеттерінің бірі.

Бұл оқушының жекелеген пәнді игерудегі жетістіктерін одан әрі тереңдетіп, сол пәнге деген танымдық қабілетін дамытсып, қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың дүниетанымын кеңейтүге, есте сақтау қабілетін нығайтуға, тіл мәдениетінің дұрыс қалыптасуына, ойлау үрдісінің дамуына да септігін тигізеді.

Математика пәні бойынша вариатив сабактарды ұйымдастыру арқылы қабілетті (дарынды) оқушылармен жұмысты жандандыруға болады. Сонымен қатар дидактикалық ойындар, (ұлттық ойындар) математикалық ребустарды, математикалық фокус, жаңылтпаштар, мақал-мәтел, сөзжұмбақтарды шешу, қызықты өзіл есептерді шығару, математикалық ертеғілер, логикалық жаттығуларды орындау оқушының ақыл – ойын, қиялын, интеллектуалдық ой-өрісінің ұшқырлығын дамытудың бірден-бір ұтымды тәсілі.

Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді дамыту барысында пайдаланатын құралдар: жабдықтар, көрнекіліктер, оқулықтар, тапсырмалар (жаттығулар). «Қызықты математика» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы - 32 сағаттан құрылған.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

- мектеп жасына дейінгі балаларға заттың ені, ұзындығы, биіктігі бойынша салыстыру мен зерттеу тәсілдерін үйрету;
- көлем мен өлшем туралы жалпы түсінік;
- қарапайым геометриялық пішін туралы түсініктер қалыптастыру;
- 4-5 жастағы балаларға бес көлеміндегі сандарды тұра және кері санауга үйрету;
- санның натурал қатары туралы түсініктерін қалыптастыру әдістемесі.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- мектеп жасына дейінгі балаларда сандық ұғымды қалыптастыру;
- балларға дамыту ойындары арқылы ұғымдарды түсіндіру;
- балларға санамақтарды санауда қолдау;
- түстеді ажыратып, пішіндерді бояуда көметесу

### **Күтілетін нәиже:**

- Оқушының ой-өрісдамиды;
- ойлау іскерлігі қалыптасады;
- ақыл- ойы жетіледі;
- есте сақтау қабілеті артады;
- қызығушылық қабілеті оянады;
- тіл, сөйлеу мәдениеті қалыптасады;
- оқушы өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыланады;
- шығармашылықпен жұмыстанады;
- даму мониторингі айқын көрінеді;
- баланың білуі: қызықты математика оқу іс-әрекетінде ертегі арқылы естептер, мен тапсырмаларды орындаі білуі;
- баланың менгеруі: ойын тапсырмалар арқылы есеп шығаруды тереңдетіп менгеруі;
- баланың жасай алуы: берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындаі алуы.

## Түсінік хат

Баланы мектепалды дайындау үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогикағылымдары мен практикасының ең басты өзекті мәселелері. Қазақстан президентінің 2030- шы жылға арналған бағдарламасында барлық саланың жанаруы туралы мәселелер, оның ішінде білім саласы бағдарламасындағы жағдайлар атап көрсетілген.

Мектепалды дайындық, баланың оқу мәселесін жақсы жағдайда болуына байланысты. Бұғінгі мектеп жасына дейінгі балалардан Қазақстан келешегі байқалды. Жаңа ұлттық тәрбиелеуде, тәрбиенің мазмұны, ізгілендіру, жекелендіру және жаңа педагогикалық дамудың әлеуметтік бағытының түбекейлі өзгеруін талап етеді.

Балабақшадағы мектепалды тобындағы арнайы өтілетін сабак кезінде балалар жадында түрлі заттардың қасиеттері сапалық сандық ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптасады. Соның нәтижесінде заттардың пішінін, түсін, көлемін салыстыра білуге олардың қеңістіктегі орнын ажыратуға дағдыланады.

Бағдарламалық материалды балаларға игеру үрдісінде тәрбиеші баланы тек үстірт санауға ғана жаттықтырмай ой енбегіне бейімдеуге олардың қиялын, санасын, зейінін дамытатындей есептерді ауызша шығара білуге үйретеді.

Осы талаптарды ескере отырып, мен вариативтік бөлімде берілгенсағатты «Қызықты математика» сабағына алып мынадай жоспар құрып отырмын.

Ұсынып отырған жоспарым балалардың жас ерекшелігіне лайықталып, мектепалды даярлау бағдарламасының талаптарына сай құрастырылған.

Сабақ 32 сағатқа жоспарланған. Сабақ ойын түрінде өткізіліп, түрлі математикалық сауықтар (дидактикалық ойын, шытырмандар, логикалық есептер) пайдаланылған.

Бұл жоспарға жұмыс дәптері және «Сөз өнері әлемінде» қосымша көркем сөздер берілген.

## **Бағдарламаның мақсаты:**

Балаларды он санына дейін тұра және кері санауды үйрету. Онға дейін сандардың құрамын білуге, жазылуын (+, -) амалдарымен таныстыру.

Геометриялық фигуralарды атайды және айыра білуге, олардың қасиеттері туралы түсінік беру;

Салыстырмалы әдіс бойынша әр түрлі геометриялық пішіндерді салыстыра білуге үйрету;

Кеңістікті дұрыс бағдарлай білуін, берілген бағыт бойынша қозғалуға үйрету (алға, артқа, онға, солға);

Уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру.

Жұмбактар мен жаңылтпаштар, қаламақ пен санамақтар, өтірік өлеңдер баланы қызықтырып, көңіл күйін көтеріп қуанышқа бөлейді. Әдемі машиқтар, сөз өнерінің кестелері жақсы ұйқастар бері де балаға өсер беріп қиялын қанаттандырады, ойлауын дамытады.

Сабақты ойын түрінде өткізе отыра, баланың ынтасын арттырып қызықтыра түсу. Айналасындағы өмірден алған әсерін, көрген білгенін ойын арқылы танытып, күш жігерін, сезімін арттыру.

## **Бағдарламаның мазмұны:**

Бұл бағдарлама мектепалды даярлық класының балаларының бойында белсенділік, тапқырлық, ойлау қасиеттерін қалыптастырады.

Бағдарламаға қызықты тапсырмаларымен жұмыс дәптері және халық ауыз әдебиетінен санамақтар, өлеңдер, жаңылтпаш, сөз жұмбақтар енгізілген.

Бұл бағдарлама

1. Баланың танымдық әрекеттерін қалыптастырады;
2. Ой-қиялы дамып, ойлау қабілеттерін жетілдіреді;
3. Үздіксіз дамуын, дүниетанымын кеңейтіп ойлау жүйесін дұрыс қалыптастырады;
4. Тапсырмалардың көп деңгейлігі баланы жан-жақты тәрбиелейді деп ойлаймын.

## **Күтілетін нәтиже:**

1. Тапсырмалардың мазмұның түсініп, өздігінен дұрыс, шапшан орынданай білуі тиіс;
2. Баланың қолының бұлшық еттері мен саусақтарын әлсіздігі дамиды;
3. Сандарды баспа түрінде жаза білуі тиіс;
4. Халық ауыз әдебиеттерді пайдалана білуі

## «Қызықты математика» бағдарламасы

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Қайсысы биік, қайсысы аласа?	1	
2	Қайсысы жуан, қайсысы жінішке?	1	
3	Қайсысы үлкен? қайсысы кіші?	1	
4	Жиынтықтарға бөл	1	
5	Қайда барсан, соны табасың	1	
6	Графикалық диктант	1	
7	Бұл қай кезде болады?	1	
8	Одан әрі не болады?	1	
9	Фигураларды есте сақтап қал және сал	1	
10	Сана және көрсет	1	
11	Жолдың суретін сал	1	
12	Неше зат жасырылған?	1	
13	Жанды апта	1	
14	Не ауырлау? Не жеңілдеу?	1	
15	Фигураларды бөлшектерге бөл	1	
16	Адасқан сандар	1	
17	Қанша су бар?	1	
18	Тепкіле-шапалақта	1	
19	Ғажайып қалта	1	
20	Қайсысы көп? Қайсысы аз?	1	
21	Қай қолымда зат көп?	1	
22	Жұбынды тап	1	
23	Сандарды ретімен ата	1	
24	Қайсысы кең? Қайсысы тар?	1	
25	Санамақтар	1	
26	Сенде сонша көрсет	1	
27	Қандай түс?	1	
28	Қайда орналасқан?	1	
29	Өлең есептерді шеш	1	
30	Қайсысы жүйрік?	1	
31	Қандай пішінге үқсас?	1	
32	Кел, балалар ойнайық, ойнайықта, ойлайық!	1	

## «Қызықты математика» бағдарламасы

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>1</b>	<b>Қайсысы биік, қайсысы аласа?</b>	<b>1</b>	
<b>2</b>	<b>Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке?</b>	<b>1</b>	
<b>3</b>	<b>Қайсысы үлкен? қайсысы кіші?</b>	<b>1</b>	
<b>4</b>	<b>Жиынтықтарға бөл</b>	<b>1</b>	
<b>5</b>	<b>Қайда барсан, соны табасың</b>	<b>1</b>	
<b>6</b>	<b>Графикалық диктант</b>	<b>1</b>	
<b>7</b>	<b>Бұл қай кезде болады?</b>	<b>1</b>	
<b>8</b>	<b>Одан әрі не болады?</b>	<b>1</b>	
<b>9</b>	<b>Фигураларды есте сақтап қал және сал</b>	<b>1</b>	
<b>10</b>	<b>Сана және көрсет</b>	<b>1</b>	
<b>11</b>	<b>Жолдың суретін сал</b>	<b>1</b>	
<b>12</b>	<b>Неше зат жасырылған?</b>	<b>1</b>	
<b>13</b>	<b>Жанды апта</b>	<b>1</b>	
<b>14</b>	<b>Не ауырлау? Не жеңілдеу?</b>	<b>1</b>	
<b>15</b>	<b>Фигураларды бөлшектерге бөл</b>	<b>1</b>	
<b>16</b>	<b>Адасқан сандар</b>	<b>1</b>	
<b>17</b>	<b>Әжемнің сандығы</b>	<b>1</b>	
<b>18</b>	<b>Әжемнің сандығы</b>	<b>1</b>	
<b>19</b>	<b>Жұмбақ есептер</b>	<b>1</b>	
<b>20</b>	<b>Қайсысы көп? Қайсысы аз?</b>	<b>1</b>	
<b>21</b>	<b>Қай қолымда зат көп?</b>	<b>1</b>	
<b>22</b>	<b>Жұбынды тап</b>	<b>1</b>	
<b>23</b>	<b>Сандарды ретімен ата</b>	<b>1</b>	
<b>24</b>	<b>Қайсысы кең? Қайсысы тар?</b>	<b>1</b>	
<b>25</b>	<b>Санамақтар</b>	<b>1</b>	
<b>26</b>	<b>Сенде сонша көрсет</b>	<b>1</b>	
<b>27</b>	<b>КВН</b>	<b>1</b>	
<b>28</b>	<b>Қайда орналасқан?</b>	<b>1</b>	
<b>29</b>	<b>Өлең есептерді шеш</b>	<b>1</b>	
<b>30</b>	<b>Не үйрендік?</b>	<b>1</b>	
<b>31</b>	<b>Қандай пішінге үқсас?</b>	<b>1</b>	
<b>32</b>	<b>Кел, балалар ойнайық, ойнайықта, ойлайық!</b>	<b>1</b>	

**Білім беру саласы:таным**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті математикалық дамыту ойындары**

**Тақырыбы:қайсысы үлкен?қайсысы кіші?**

**Мақсаты:** Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұғымдарымен таныстыру Ұғымдардың мазынасын түсініп, бір-бірінен ажыратуға бауды. Ойын-тілін, танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспенешілікке тәрбиелу.

Әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеу – ояту	<p>Балаларды сабакқа дайындығын тексеру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жаңа материалды түсіндірмес бүрын сынып бөлмесінен, он дағы заттарды таныстырып, салыстыру жұмыстары жүргізледі.</li> </ul> <p>Сыныптың бөлмесі қандай? (Кен). Терезелері қандай? (Үлкен). Мектептің дәлізі қандай</p>	<p>Сабакқа дайындалады.</p> <p>Сұраққа жауап береді.</p>
Ұйымдастыру-іздену	<p><b>Оқулықпен жұмыс.</b></p> <p>1. Бала оқулықтағы екі үйді салыстырады. Мұғалім не тәрбиешінің сұрақтары арқылы екі үйдің айырмашылықтары айтылады. Екі үйдің біреуі биік әрі үлкен, екіншісі аласа, әрі кіші екендігін; үлкен үйдің бөлмелері кең, кіші үйдің бөлмелері тар, дәліздері де ұзын, бірінікі қысқа болуы мүмкін екендігі анықталады. Үйдің төнірегіндегі ағаштардың көлемі, биіктігі салыстырылады. Шыршалардың биіктігі бірдей немесе олардың біреуі екіншісінен биігірек, болмаса аласа т.б.</p> <p>2. Екі оқушы баланың бойы мен жасы салыстырылады. Олардың бірі — үлкен, екіншісі — кіші. Доптар бір-бірінен үлкенірек, кішірек болатыны, жасалған материалына қарай қатты, жұмсақтығы анықталады. Қылқалам қарындаштардың ұзындықтары салыстырып ажыратылады.</p> <p><b>Ойындар.</b> Үлкен-кіші, ұзын-қысқа. "Кімүлкен" ойыны.</p> <p>Мақсаты: Үлкен – кіші, ұзын – қысқа ұғымдарын салыстыра білуді үйренеді. Шарты: Балалар ормандағы аңдар болып киінеді. Тәрбиеші дәрігер Айболит болады. Аңдар дәрігерге көрінуге келеді. Дәрігер олардың бойларын, салмағын өлшеп қатармен тұрғызады. Баларды саптан таратып жібереді де, қатарға деген кезде балалар сол орындарын табуы керек.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Кішкентай үлкен емес, Бір, екі, үш, төрт, бес. Кішкентай секірді, Үлкен бала жүгірді.</p>	<p>Оқулықпен жұмыс жасайды.</p> <p>Екі үйді салыстырады.</p> <p>Екі бала шығады, алғандырыорныңда отрып салыстырады.</p> <p>Ойндар ойнайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимылмен жасап үйренеді.</p>

<b>Рефлексік түзету</b>	<p>Жаңа ұғымдарды меңгертуде дидактикалық материалды, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді пайдаланып, балалардың танымдық қабілеттерін дамытады.</p> <p>Сонымен, бұл сабакта бала өзін қоршаған ортадан, күнделікті тіршілік — тынысынан үлкен-кіші, ұғымдарын танып-біліп, заттарды салыстырып, ажыратуды менгереді.</p>	
-------------------------	---	--

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Үлкен, кіші ұғымдарын білу

**Игеру:** заттарды салыстыруға игеру

**Менгеру:** бір-бірлерін ажыратма білуге менгеру

**Білім беру саласы: таным**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті математикалық дамыту ойындары**

**Тақырыбы:** қайсысы көп, қайсысы аз?

**Мақсаты:** Заттарды санына қарай салыстыру арқылы көп-аз, сонша ұғымдарымен таныстыру. Теңестірудің екі жолын практикалық жолмен меңгерту.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Делелдеу-оғыту	"Кім шапшаң?" ойныны арқылы зейінін сабакқа аудару. Мақсаты: Ойын ережесін сақтау, қимыл-козғалыстарын дамыту. Шарты: Жерге жапырақтар, жеміс-көкіністер суреттерін шашып тастан, 3 -4 баланы ортаға шығарып әуен жіберіп сол тоқтағанша билету. Әуен тоқтағанда ортадағы суреттерді себеттеріне жинау керек. Кім көп жинаса сол женімпаз атанады	Сабакқа дайындалады.  Ойын ойнайды

<p><b>Рефлекстік түзегу</b></p>	<p>a) "Санамақ" жаттау.</p> <p>ә) Сыныптағы парталарды, заттарды, т.б. санау.</p> <p>б) Заттардың санының көп-аздығын, тең екендігін анықтау.</p> <p><b>Оқулықпен жұмыс</b></p> <p>Оқулық дәптердегі сәбіз бер бұрыштың санын салыстыру. Неше сәбіз? (алты), неше бұрыш? (төрт). Сәбіз көп пе, әлде бұрыш көп пе? (сәбіз көп, бұрыш сәбізге қарағанда аз).</p> <p>Помидор мен қиярдың санын салыстыр.</p> <p>Помидор — алтау, қияр да алтау. Помидор қанша болса, қияр сонша, екеуінің саны бірдей немесе тең. - Сәбіз бер бұрыштың санын қалай тентестіруге болады? Деген сұраққа балалардың ізденіс жұмысын ұйымдастыру керек. Сәбіз бер бұрыштың санын тенестіргенде неше сәбіз болса, сонша бұрыш болады деген уғымды балалардың түсініп білгені жөн.</p> <p>"Тең тие" ойыны.</p> <p>Мақсаты: Сан мен затты салыстыра білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты: Балаларға сыртында сандары бар қайық суреттерін тарату. Сол сыртындағы санға байланысты ананастрарды салу керек. Кім тез тауып салса сол жеңімпаз атанады.</p>	<p>Санамақ жаттап үйренеміз</p>
	<p>Оқулықпен жұмыс жасайды.</p> <p>Сәбіздің бұрыштан екеуі артық,</p> <p>Ойындар ойнайды. Помидорды, қиярды санап, салстырып үйренеді.</p> <p>Ойын ойнау заттарды салыстырады</p>	

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** *Көп, аз ұғымдарын білу*

**Игеру:** *заттарды салыстыруга игеру*

**Менгеру:** *сонша. тең ұғымдарын менгеру.*

**Білім беру саласы: таным**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті математикалық дамыту ойындары**

**Тақырыбы: қайсысы уан, қайсысы жіңішке?**

**Мақсаты:** Балаларды жуан-жіңішке ұғымдарымен таныстыру. Ұғымдардың магынасын түсініп, бір-бірінен ажыратта білуге үрету: Баланың тілін, ойын, танымдық қабілетін дамыту.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеу-ояту	<p>а) Математикалық, жұмбақ, жаңылтпаш, мақалмәтел, санамақтар мен балалардың зейінін пәнге аудару.</p> <p>ә) Сабакқа қажет құрал-жабдықтарды дайындау</p>	Сабаққа дайындалады.
Ұйымдастыру-іздену	<p>а) Жаңа материалды өткен сабакпен байланыстырып, биіктіктерін салыстырған ағаштардың жуандықтарын салыстыратынын хабарлайды.</p> <p>Ағаштың пайдасы, оның қолданылу аясы жайлы әңгімелейді. Ағаш діндерін салыстырып, жуан-жіңішке ұғымдарымен таныстырады.</p> <p>Оқулық дәптерде берілген суреттердегі екі ағаштың жуандығын салыстырып, қайсысы жуан, қайсысы жіңішке екенін ажыратады.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс</b></p> <p>Дәптерде көрсетілген үлгідегі үзік сзықпен берілген заттардың суретін бастырып салып, бояйды. Жұмысты орындау кезінде бала, езі салған заттардың қалындығын, жалпақтығын, жуандығын кез мөлшермен, әрі торкөзбен есептеп салыстыруды жетілдіреді.</p>	Санамақ жаттап үйренеміз  Оқулықпен жұмыс жасайды.  Дәтерлеріндегі суретті бстырады  Ойын ойнау .заттарды салыстырады

<b>Рефлекстік түзету</b>	<p><b>Ойындар</b></p> <p>"Өз пәтеріңе жайғас", "Өз үйінді тап", "Қапшықтан неше ойыншық алдың?" ойындарын осы ұғымдарды тиенақтауға септігін тигізеді.</p> <p>Сонымен, бұл сабакта жуан-жіңішке, қалың-жұқа, жалпақ-жіңішке ұғымдарын бірбірінен ажыратып ұғымдарды дұрыс, орынды қолданып, торкөзбен жұмыс жасауға үйренеді.</p>	<p>Ойын ойнап, ойыншықтарды санап қапшыққа жинайды.</p>
--------------------------	---	---

**Күтілетін нәтиже:**

**Білу:** Жуан, жіңішке ұғымдарын білу

**Игеру:** заттарды салыстыруға игеру

**Менгеру:** ұғымдарды дұрыс, ұғымды қолдану.

## «Қызықты математика» бағдарламасы

### Вариативтік бөлім-аптасына 1 сағат, барлығы-32 сағат

№	Сабактың тақырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Көрнекіл. құралдар	Ойындар, көркем сөз	Сағ саны	Күні
1-2	«Сиқырлы таяқшалар»	<p>Балаларды (5-7) (7-9) таяқшаларды пайдалана отырып, геометриялық пішіндер құрастырып үйрету.</p> <p>Жалғастыра құрастырган ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету. Сандау дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	Таяқшалар, суреттер, сандар, қарындаш	Д/о «Неге ұқсайды»		
3-4	«Жалғастырып сал» (логикалық ойындар)	<p>Балаларға берілген әртүрлі көлемді дөңгелектерді, үшбұрышты, сопақшаларды жалғастырып салуға үйрету. Не салғанын, неге ұқсайтынын айтқызып үйрету Шытырман ойындарды ойнауға үйрету.</p> <p>Балаларды табандылыққа логикалық ойлау қабілеттерін арттыру («Көнілді қарындаш» қонаққа келіп балалармен ойын ойнап сурет салады)</p>	Шытырман ойындар, суреттер, дәптер, қарындаш	д/о «Мен бастайын сен аяқта» Дәптермен жұмыс №1		
5-6	«Көнілді сандар»	<p>Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Заттарды көзбен салыстырып, жаттықтыру. Қойылған сұрақтарға және берілген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу. Ізденісті шығармашылық іс-әрекетке ықпал ету. Тәрбиеші сиқырлы қолғапты пайдаланып, «Рукавичка» укр.халқының ертегісінің кейіпкерлерімен таныстыру.</p> <p>Атайдың қолғабының сыңарын суреттен кім тез табады.</p>	Суреттер, «Сиқырлы қолғап» пішіні, ұсақ ойыншықтар, дәптер, қарындаш	Ойын «Сынарын тап» «Не жетпейді?» санамақ. «Хрестоматия для маленьких» кітабы. Дәптермен жұмыс №2		

7-8	«Қай санды білесін?»	Балаларды 20-ға дейінгі сандарды ж/е санауды үйрету. Реттік санды біліп жоғалған санды таба білуді жаттықтыру. Сандарды жаза білуге үйрету. Ойын арқылы ойлау қабілеттерін тапқырлықтарын дамыту. Дәптерге жазуға төсөлдіру	Аквариум макеті, сандар, суреттер, жұмыс дәптері.	Д/о «1 санды тап», «Балық аулау» Дәптермен жұмыс №3	
9-10	Таяқшалар мен ойын жаттығу	Геометриялық пішіндерді өмірдегі заттардан көруге айырып айтуды үйрету, олардың кеңістіктең орнын ажыратуға дағыландыру. Балаларға төртбұрыш туралы ұғымды айтып түсіндіру, сыйылған қағазды қигызып «монгол» ойынын дайындау. Қайшыны дұрыс пайдаланып, тұзу қию әдісін тиянақтау. Балалардың өз бетінше ойлауын, салыстыру, жалпылау қабілеттерін тәрбиелеу.	Таяқшалар, суреттер, әр балаға сыйылған қағаз, қайшы.	Жұмбак/апт а күндері/Қ.Ж ұмағалтев «Жеті ұлы бар бір үйдің» Д/о «Не жасай аласың?» дәптермен жұмыс №4	
6	«Монгол » ойыны	Балаларға берілген пішіндерден барлығын қолдана отыра, ұлгіге қарап (түйе, сиыр, күшік) пішіндерін жасап үйрету. Балаларды ойлау қабілеттерін, кеңістіктең қиялышын дамыту. Сандарды ретімен санай білуге, 4,5,6 сандардың құрамын білуге жаттықтыру. Берілген сымнан сан жасау. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, ептілікке тәрбиелеу.	Әр балаға дайын «МОНГОЛ» ойынның кесінділері, ұлгілер, сымдар, сандар, жұмыс дәптері, қарындаш	Д/о Жоғалған санды жаз, «Қандай саннан құралады», санамақ «Бес саусак» дәптермен жұмыс №5	
7	«Ертегі еліне саяхат»	Балалар берілген сыйба бойынша он жақ, сол жақ, жоғары, төмен, жуан-жіңішке ұғымдарды пайдалана отырып, бірнеше тапсырмалар орындауға тырыстыру. Кеңістікті дұрыс бағдарлай білуін қадағалау, көрсетілген бағыт бойынша қозғалу, жүріп немесе жүгіріп келе жатып бағытты өзгерту. Өз бетінше дәптермен жұмыс	Ертегі елінің сыйбасы, суреттер, бетперделер, сыйғыштар, жұмыс дәптері, қарындаш	Кепі санамақтар, жұмбактар, д/о «Өз үйінді тап» дәптермен жұмыс №6	

		жасауды қадағалау.			
8	«Көңілді сандар»	Балалармен он санына дейін тұра ж/е кері санауды пысықтау. Сан туралы білімдерін пайдалана білуді үйрету, сандар арасындағы қатынасты түсінуді үйрету. Қағаздарды қызып, сандар жасап, олардың қандай бөліктерден тұратының түсіндіру. Есте сақтау, шығармашылық қиялын дамыту(«Сандар аланы» плакаты жасалады, балалар таныған, ия болмаса ұнаған санын тандап алады. Тәрбиеші қызықты тапсырмалар ойлап, тауып ойнатады. «Сандар жарысы»)	Плакат «Сандар алаңы» қарындаш, қайши, түрлі-түсті қағаз, жұмыс дәптері ермексаз	Д/о «Тірі сандар» жаңылтпаштар, дәптермен жұмыс №7	
9	Сөздік диктант	Балалардың сабакта алған білімдерін бекіту. Тәрбиешінің айтуы бойынша геометриялық пішіндер, сандар салғызып жаттықтыру. Тор көз дәптердегі шаршыларды айналдыра сызып үйрету. Кеңістік түсініктерін терендету ж/е бекіту (солға, онға, жоғары, төмен) Қағаз бетінде дәптер парагында бағдарлауын дамыту. Айтылған сөзді ұқыпты тындауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар, ребус шешу арқылы қарапайым математикалық түсініктерін дамыту.	Тор көз дәптерлер, қалам, ұсақ ілгек 10 көлемінде, ребустар	Д/о «Қай қолда неше?» «Кім тез шешеді?»	

10	«Бақаның тапсырмалары»	<p>Балаларды 1-ден 20-ға дейін еркін санауға ж/е 10 көлеміндегі сандардың құрылымын, таңбаларды пайдаланып шығарып алу. Жолын таба білуге үретуді жалғастыру.</p> <p>-аталған күн аттарын ретімен атауға, кеңістікті бағдарлай білуге дамыту</p> <p>-логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ойын есептер, дидактикалық ойындарды қолдану, геометриялық фигурандар туралы білімдерін тиянақтау</p> <p>-халық ауыз әдебиетін пайдалана отыра балалардың көңіл-күйін көтеріп, ойынға, сабакқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	Бөлме сызбасы, ас ықтар, ребустар, карточкала р, суреттер, «монгол ойыны»	Д/о «Неге үқсайды», «Санауды жалғастыр», «Қатені түзе» логикалық есептер	
11	«Жеті ағайындар»	<p>Уақыт туралы түсініктерін дамытып, апта күндерін ретімен айта білуге үрету. Таң, күн, кеш, түн деген уақыт мезгілдер туралы түсініктер қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойындар, тапсырмалар арқылы уақыт туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	Суреттер, математика әдістемелік кітапшалар	Д/о «Тірі апта», К/о «Күн, түн» жаңылтпаштар, дәптермен жұмыс №8	
12	Жұмбақ есептер	Балаларды жұмбақ есептің шартын дұрыстап тыңдаپ, оның жауабын ойланып беруді үрету. Ұқыпты тыңдауға тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін арттыру. Сиқырлы сандықшадан шыққан тапсырмаларды орындауға талап ету.	Әр түрлі көлемді сандықшалар, ұсақ ойыншықтар, суреттер	Д/о «Кім тез санайды» жұмбақтар шешу, сөз есептер, дәптермен жұмыс №9	
13	«Өжемнің сандығы»	<p>Балаларды 20-ға дейін санауға үйрету заттардың, ұнтақ денелердің көлемін анықтауға үйрету (дорбадағы дәнді кесемен өлшеу) Жыл, жылдың төрт мезгілі деген түсінігін қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойындар, ребус шешу арқылы қарапайым математикалық түсініктерін дамыту. (Сабакқа «сандығын»</p>	Сандық, арпа салынған дорба, кесе, суреттер, ребустар	Д/о «Киіз үйді құрастыр», «Кім тез санайды» ребустар дәптермен жұмыс №10	

		алып әже келеді)			
14	«Не үйрендік?»	Балалармен ай аттары , алта күндерін қайталау. 10-ға дейін реттік ж/е кері санауды білуге үйрету.20-ға дейін сандардың кез келгенінен бастап санауды үйрету. Екі кіші саннан сан жасауды үйретуді жалғастыру. Кеңістікті анықтай білуге , өзі турған жерді сол жағы, оң жағы, алдыңғы-жоғары, төмен деген сөздерді айта және анықтай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру.	Суреттер, математика лық жинақ, сағат үлгілері	Д/о «Қатені түзе», «Көршілерін ата», сөз есептер, дәптермен жұмыс №11	
15	КВН	Балалардың геометриялық денелер туралы білімдерін анықтау .Заттардың ұзындығын, енін, биіктігін салыстыра отыра, өлшей білуді жетілдіру.1,2,5,10,20 тенгелерімен таныстыру. Балаларды табандылыққа, ойлау қабілеттерін арттыру, ептілікке тәрбиелеу. Жарыс кезінде өз пікірлерін қолданып, шешімдерін дәлелдей білуді үйрету.	Геометрия лық фигуralар, сандар, жолақшалар, тенгелер, суреттер	Д/о «Көршісін тап», «Балық аула» дәптермен жұмыс №12	
16	«Математика әлемінде»	Геометриялық денелерді атай ж/е ажыратса білүлерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды (енді ж/е жінішкесін салыстырып келтіру әдісін тапқызу) Балаларды 20-ға дейін, кейін тұра санау қабілеттерін бекіту.Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын дамыту, достыққа тәрбиелеу, ойын түрде білімдерін тиянақтау (сабакқа сиқыршы келіп тапсырмалар	Жолақшалар, үш түрлі сағат макеті, фланелеграф, геометриялық пішіндер, «сиқырлы» қорап стакан, су,	Д/о «Жоғалған санды жаз», «Кілтін тап»	

		орындалады, соңында өзінің қызықты фокустарын көрсетеді)	әр балаға таяқшалар			
--	--	---	------------------------	--	--	--

<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Мазмұны</b>
1.Логика деген не?	1	Логика пәнімен таныстыру. Адамның айналадағы әлемді негізгі сезімдік қабылдаулармен абстрактілік ойлау арқылы танитыны туралы түсінік беру. Баланы алдына қойылған тапсырманы орындауға бар күш жігерін жұмылдырып, өз бетімен жұмыстануға үйрету.	1.«логика» пәнімен таныстыру 2.Ойын «Мен білемін..» (доппен) 3. «Кім байқағыш?» жаттығуы 4.Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу 5. «Алдымен не, кейін не?» дид ойыны (барлығымен) 6.Графикалық жаттығу (моншактарды бояуды жалғастыр)
2.Жұмбақтар Оның құрылымын талдау.	1	Балаларға жұмбақ шеше білуді үйрету.не туралы айтылып жатқандығы, қандай белгісіне қарап ажыратып тапқаның түсіндіре алушы үйрету.Айналаны танып білудің бірме бір шарты жұмбақ шешімін таба білу екендігімен таныстыру.	1.Жұмбақтар туралы әңгімелесу 2.Жұмбақтарды жүйелеу 3.Жаттығу «жұмбақты шешіп, суретін сал» 4.»Ойыншықтар қайда?» ойыны 5.»Бұл қай кезед болады?»жыл мезгілдері туралы әңгімелесу 6.Графикалық жаттығу (үлкен,орташа,кіші дөңгелектер салуды жалғастыр)
3.Бұйым белгілері Талдау Жинақтау	1	Балаларды «Бұйым белгілері»ұғымымен таныстыру,заттардың жеке белгілерін бөліп алуға жаттықтыру.Қарапайым талдау,жинақтау жасай отырып, балаларда түрлі логикалық ойлау тәсілдерімен ойлануын дамыту.	1.Бізді қоршаған бұйымдар туралы әңгімелесу 2. «Сикырлы қалтамен» «Затты сипап табу»,жаттығуы 3. «Берілген белгілер арқылы затты табу» жаттығуы 4. «Айырмашылығын тап» ойыны 5. «Аталған белгілерге қарай жыл мезгілдерін тап» жаттығуы 6.Графикалық жаттығу (кіші орташа,үлкен шаршыларды салуды жалғастыр)

4.Тұс.Пішін. Көлем	1	Бұйымдағы белгі көрсеткіштерін ажыратып,өз таңдауы мен мақсатқа сәйкестілігін дәлелдей алуға жаттықтыру.Нұсқау бойынша тапсырманы орындауға үйретіп, сенсорлық қабылдаудын дамыту.Балаға өз ойын тілімен жеткізіп айтуға үйретіп, сөйлеу белсенділігін арттыру	1.Бұйымның негізгі 3 белгісін бөліп алу:тұс,пішін,көлем 2. «Кім байқағыш?» жаттығуы 3.Ойын «Дөңгелек,ұшбұрыш,шаршы» 4. «Фигураны анықта»ойыны 5. «Түстер» ойыны 6.Графикалық жаттығу
5.Дәмі.Иісі..	1	Балаларды барлық затқа емес,тек кейбір заттарға тән жеке қасиеттерімен таныстыру.Зат пен оның жасалу материалының ара қатынасын анықтауға жаттықтыру.Баланың тапсырманы орындауға қызығушылығын қолдай отырып, мадақтау	1.Заттың белгісіндегі өзгеше,ерекшелік қасиетін анықтау (дәмі,иісі) 2. «Дәмін анықта» ойыны 3. «Иісінен тап» ойыны 4.Заттың нышан белгілерін бөліп, ажыратуға жаттықтыру 5.Неден не шығады?жаттығуы 6.Еске сақтауды дамытуға графикалық жаттығу
6.Жанды-жансыз. Қай топқа жатады. Адамның қолдануы	1	Белгілі бір топқа біріктіруде заттың жеке қасиеттеріне қарай анықтауды үйрету. Адамның өмірде қолданудағы әр заттың маңызын анықтау. Жасалған жұмыстар нәтижесінде анықталатын себеп-салдарлықбұрын кім байланысты көре білуге үйрету.	1.Тақырып бойынша әңгімелесу Заттың нышан белгісіне қарай топқа біріктіру әдісімен таныстыру. 2.Ойын «жанды-жансыз» 3. «Заттық лото» жаттығуы 4. «Сөйлемді аяқта» жаттығуы 5.Маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. 6.Графикалық жаттығу

7. Салыстыру. Жасалу заты, түрі	1	Негізгі ойлау операцияларын қалыптастырып, дамыту.Құбылыстар мен заттардың ұқсастығы және айырмашылығын табуға үйрету.Есту, көру қабылдауын дамыту.	1.Заттың барлық нышан белгілері туралы білімдерін бекіту. 2. «Сөздер тізбегі» жаттығуы 3.Жаңа ұғымдармен танысып, үйрену.Ойын «Салыстыру»Қалай салыстыру керек.Қалай салыстыруға болмайды. 4. «Тұсын тап» ойыны 5. «Сөзді аяқта» жаттығуы 6.Еске сақтауды дамытуға графикалық жаттығу
8. Терістеу. Шектеу	1	Заттар мен құбылыстар арасындағы қарама- қайшылықтарды көре біліп, ажыратуға, жаттығулар барысында оларды сипаттауға, проблеманың түп мәнін көре білуге жаттықтыру.Өз көзқарасын дәлелдеп, ой пікірін ортаға салып, еркін айта білу қабілетін дамыту.	1.Ойын «Балық-құс-аң» 2. «Кері қарай» жаттығуы (бұрын кім (не) болған? Гүл-тұқым, жылқы-құлын т.б.) 3.Ойын «Не жасырдық?»бұйымдармен жұмыс 4. «қарсы сөзді тез ойла» (антоним сөздерді атау) 5. «Ойланып, сейлемді аяқта» жаттығуы 6.Графикалық жаттығу
9.Жіктеу. Жинақтау (топтау)	1	Заттарды жіктеп бөлуде олардың негізгі және жанама қасиеттерін ажыратса білуді таныстыру. Заттарды жіктеп, топтауға олардың өз орнын анықтап табуға үйрету. Мақсатқа жету үшін обьектінің қасиеттерін тауып, қолдана алуға жаттықтыру.	1. «Қатарды аяқта» жаттығуы 2. «Жіктеу», «Жинақтау» (топтау) ұғымдарымен таныстыру 3. Шағын топтарда жұмыс:құбылыстар мен бұйым- заттарды жіктеу 4. Ойын «Мағынасына қарай тап» 5. Ойын «Дөңгелек-дөңгелекше» 6.Графикалық жаттығу

10. Не артық? Не жетпейді?	1	Дұрыс емес деп тапқан қатесін алған білімнің негізіне қарай түзетуі, қайшылықтарды көре білуге үйрету. Берілген материалды талдай білуге, зейінін және байқағыштығын дамыту.	<p>1.Берілген суреттегі заттарды салыстыру.Не артық,не жетпейді?</p> <p>2. «Қалып қойған фигуralар» жаттығуы</p> <p>3.Ойын «Не несіз болмайды?»</p> <p>4.Карточкамен жұптық жұмыс «Не несіз болмайды?»</p> <p>5.Ойын «Кім, не артық?»</p> <p>6.Улгі бойынша графикалық жаттығу «зандылық»</p>
11. Ой қорыту	1	Байқап, зерттеу фактілеріне сүйене отырып, қорытынды жасай білуге үйрету. Түрлі құбылыстар арасындағы байланысты анықтай білуге, бірінен екінші байланысқа оңай өте білуге жаттықтыру.	<p>1.Ойын «Алдымен не, кейін не?»</p> <p>2.Табиғат құбылыстары мен маусымдық өзгерістер:</p> <p>Байланысы, ауысуы, белгілері</p> <p>3. «Қорытынды жаса» жаттығуы</p> <p>4. «Қандай белгісіне қарай»жаттығуы</p> <p>5. «Сөйлемді аяқта»жаттығуы</p> <p>6.Графикалық жаттығу</p>
12.Тірілген фигуralар. Өзгерулер.	1	Балалардың пішін сұлбасын (фигураны)әбден тәптіштеп, мұқият зерттеп, қорытынды жасай білуге үйрету. Пішіндер (фигуralар)өзгеруіндегі барлық факторларды есепке ала білуін қалыптастыру.Берілген тапсырманы орындауға зейінін шоғырландырып, ойлаудың дамыту.	<p>1. «Мына зат қандай пішіннен құралған?» жаттығуы</p> <p>2. «Танграм» ойыны</p> <p>3. «Өзгерулер зауыттымен» таныстыру</p> <p>4. Ойын «ғажайып өзгерген фигуralар»(пішіндер)</p> <p>5. Ойын «Не неге ұқсайды?»</p> <p>6. Графикалық жаттығу «Суретті аяқта»</p>
13. Математикаад ағы логика	1	Логикалық ойын дамытып, математикалық терминдерді шығармашылықпен қолдана алуға үйрету. Нақты затты қабылдаудың жан-жақты дамыту.	<p>1. «Артық сан», «математикалық моншақ», «тығылған қателер» жаттығулары</p> <p>2. «Саяхат» ойыны (дәптер бетінде бағдарлау)</p> <p>3. «Фигураларды (пішіндерді) сана» жаттығуы</p> <p>4. «Суретші қатесі» ойыны</p> <p>5. Ойлау мен зейінге арналған диктант</p>

14. Қоршаған ортадағы логика	1	Қоршаған ортадағы логикалық тізбекті тауып, бөліп ала білуге, қорытынды жасай білуге үйрету. Құбылыстар мен заттар арасындағы байланысты анықтай алуға үйрету. Балалардың танымдық белсенділігін дамыту.	1. «Суреттегі көріністерді салыстырайық» жаттығуы 2. Ойын «Не қайда орналасқан?» 3. «Тұтас затты бөліктерден тез құрастыр» ойыны 4. «Тақырып ойлап тап» жаттығуы 5. Жыл мезгілдері туралы шығарма оқу 1. «Жұбын тап» жаттығу 2. «Сөздер тізбегі» ойыны 3. «Алдымен не, кейін ше» ойыны 4. «Ұқсастығын тап» жаттығуы 5. Ойын «Логикалық тізбек» 6. Графикалық жаттығу «Текшелерді боя»
15. Логикалық жұптар. Логикалық тізбек	1	Балаларға ортақ белгіні ескере отырып, логикалық жұптарды құруга үйрету. Тізбекті соңғы берілген зат-белгісін есепке ала отырып, логикалық тізбектерді құра білуге балаларды жаттықтыру. Нақты, дәл жауап беруге үйретіп, логикалық ойлауын дамыту.	
16. Логикалық есептер	1	Баланың алған білімдерін қалыпты емес есептерді шешуде қолдана алынын, логикалық ойлауын дамыту. Түрлі жағдайды ойлауға жаттықтыру.	1. Логикалық есептер 2. Ақылдыларға көңілді есептер 3. «Заңдылығын тап» жаттығуы 4. Сөздік викторина 5. Ойын «Логикалық үйшік» 6. Графикалық жаттығу «жіңішкесызықтар»

**Білім беру саласы: Таным**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Қызықты математика**

**Тақырыбы: Жұмбақ есептер**

**Мақсаты:** Балаларды жұмбақ есептің шартын дұрыстап тыңдап, оның жауабын ойланып жауап беруді үйрету. Ұқыпты тыңдауға тәрбиелуе, өз ойларынан есеп құрастырып, жасыруға дағыландыру. Жеке тест жұмыстарын орындауға талап ету.

<b>Әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Дәлелдеу-ојту</b>	I. Шаттық шенбері Шаттанайық бәріміз, Шаттанатын таң атты! Еліміз бен досымыз, Шаттансыншы ата-анамыз!.	Балалар шеңберде шаттық шенберін орындаиды.
<b>Ұйымдастырушылық іздену</b>	II. Актуалдау кезеңі Жұмбақ айтуда, жұмбақ есептер III. Бекіту іс-әрекеті -Балалар біздер жұмбақ деген не екенін білеміз, математикада да жұмбакты есептер бар, тек оларды тез ойладап, шапшаң шығару керек. <b>М:</b> Бұқірлеумін, имекпін, Мойынындай үйректің Сабағынды білмесен Мені аласың күнде сен IV. Сергіту сәті Д/О: «Тура, кері!» V. Дамытушылық кезең A) Кеспе карталармен жұмыс B) Санамақ айтуда «Бір үйде біз нешеуміз?»	Балапанда бір алма Қошақанда екі алма Бұзауқанда жоқ алма Болады барлығы неше алма?  2 саны  Сандарды тура –кері санай отырып жаттығу жасау Жеке суретті кеспе карталар беру.
<b>Рефлекстік Түзету</b>	VІ. Бекіту Д/О: «Ойлан, тап!» VІІ. Қорыту Бірден кейін тұрады Бірден кейін тұрағы Бірге-бірді қосқанда Шығады ол қай саны VІІІ. Бағалау	Тест жұмыстарын орындау  2 саны  Балалар өздері тәрбиеші көмегімен жұмб.жасырады

Күтілетін нәтиже:

Білді: Жұмбақ есептер шығаруды, өздері ойладап жасыруды білді;

Игерді: Жеке тест жұмыстарын орындауды игерді;

Менгерді: Ойын шартындағы есепті тез, шапшаң ойладап шығаруды менгерді.

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Қызықты математика

**Тақырыбы:** Әжемнің сандығы

**Мақсаты:** Балаларды ауызша, жазбаша есептер шығаруға, суретке қарап есеп құрастыруға үйрету. Ұқыпты тыңдауға тәрбиелеу, өз беттерінше жұмыс жасауға дағдыландыру. Жеке тест жұмыстарын орындауға талап ету.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Дәлелдеу-ояту</b>	I. Менің Отаным шенбері Біз кішкентай баламыз Қазақстанда тұрамыз Отанды біз сүйеміз Мақтаныш оны қыламыз	Балалар шенберде менің Отаным шенберін орындайды.
<b>Ұйымдастырушылық іздену</b>	II. Актуалдау кезеңі Жұмбақ айту, жұмбақ есептер III. Жаңа оқу іс-әрекеті -Балалар біздер жұмбақ деген не екенін білеміз, математикада да жұмбақты есептер бар, тек оларды тез ойладап, шапшаң шығару керек. <b>Суретпен жұмыс</b> IV. Сергіту сәті Д/О: «Тура, кері!» V. Дамытушылық кезең A) Кеспе карталармен жұмыс B) Санамақ айту «Бір үйде біз нешеуміз?»	Слайдпен жұмыс жасау Балапанда бір алма Қошақанда екі алма Бұзауқанда жоқ алма Болады барлығы неше алма?  Алдарына берілген суреттерге есеп құрастыру Сандарды тура –кері санай отырып жаттығу жасау  Жеке суретті кеспе карталар беру.
<b>Рефлекстік Түзету</b>	VI. Бекіту Д/О: «Ойлан, тап!» VII. Қорыту Мен өзімді қатарға, Бестен кейін қоямын Басым бір топ басталып 0-мен бітер аяғым VIII. Бағалау	Тест жұмыстарын орындау  Балалар өздері тәрбиеші көмегімен жұмб.жасырады 6 саны

Күтілетін нәтиже:

Білді: Әжесінің құпия сандығындағы есептер шығаруды білді;

Игерді: Жеке тест жұмыстарын орындауды, суретпен есеп құрастыруды игерді;

Менгерді: Ойын шартындағы есепті тез, шапшаң ойладап шығаруды менгерді.

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Қызықты математика

**Тақырыбы:** Әжемнің сандығы(2сағ)

**Мақсаты:** Балаларды ауызша, жазбаша есептер шығаруға, суретке қарап есеп құрастыруға үйрету. 20-ға дейінгі сандарды санап, жыл мезгілдері, ҚМҰ түсініктерін дамыту. Жеке тест жұмыстарын орындауға талап ету.

<b>Әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Дәлелдеу-ојту</b>	I. Шаттық күн шенбері Күн, мен сені сүйемін, Саған бас иемін.  Жылу бер, бақыт бер, Мейірім мен шабыт бер.	Балалар шенберде шаттық күн шенберін орындаиды.
<b>Ұйымдастырушылық іздену</b>	II. Актуалдау кезеңі Жаңылтпаш айту, жұмбақ есептер III. Жаңа оқу іс-әрекеті -Балалар біздерге үлкен сандық әкеліпті, бұл үйдегі әжелер сандығына ұқсайды.(сандықты ашып, тапсырмаларды орындау)  <b>1) Суретпен жұмыс</b> ІҮ. Сергіту сәті <b>2) Д/О: «Тура, кері!»</b> Ү. Дамытушылық кезең <b>3) Кеспе карталармен жұмыс</b> <b>4) Д/О: «Қайтала»</b> <b>5) Д/О: «Кім тапқыр?»</b> Б) Санамақ айту «Сана, сана, санашы!»	Слайдпен жұмыс жасау  Ақ шар бар, Көк шар бар, Көп шар бар Бес шар бар.  Алдарына берілген суреттерге есеп құрастыру Сандарды тура –кері санай отырып жаттығу жасау  Жеке суретті кеспе карталар беру.
<b>Рефлекстік Түзету</b>	ҮІ. Бекіту Д/О: «Ойлан, тап!» ҮІІ. Корыту Мен өзімді қатарға, Бестен кейін қоямын Басым бір топ басталып 0-мен бітер аяғым ҮІІ. Бағалау	Тест жұмыстарын орындау  Балалар өздері тәрбиеші көмегімен жұмб.жасырады 6 саны

Күтілетін нәтиже:

Білді: Әжесінің құпия сандығындағы тапсырмаларды орындауды білді;

Игерді: Жеке тест жұмыстарын орындауды, суретпен есеп құрастыруды игерді;

Менгерді: Ойын шартындағы есепті тез, шапшаң ойлап шығаруды менгерді.

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Қызықты математика

**Тақырыбы:** Не үйрендік?

**Мақсаты:** Балалармен ай аттары, апта күндерін қайталау. 10-ға дейінгі сандарды тұра, кері санауды білуге үрету. Кеңістікті анықтай білуге, қарапайым математикалық түсініктерді айыруға үрету. Балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеу-ояту	I. Шаттық күн шенбері Күн, мен сені сүйемін, Саған бас иемін.  Жылу бер, бақыт бер, Мейірім мен шабыт бер.	Балалар шенберде шаттық күн шенберін орындаиды.
Ұйымдастырушылық іздену	II. Актуалдау кезеңі Жаңылтпаши айту, жұмбақ есептер III. Жаңа оқу іс-әрекеті -Балалар біздер бүгін қызықты математикадан өткендерімізді қайталаймыз. –Қанша жыл мезгілдері бар? –Жылда неше ай бар, ай аттарын ата? – Апта аттарын ата! <b>1) Суретпен жұмыс</b> IY. Сергіту сәті <b>2) Д/О: «Ұшты-ұшты»</b> Ү. Дамытушылық кезең <b>3) Кеспе карталармен жұмыс</b> <b>4) Д/О: «Қайтала»</b> <b>5) Д/О: «Кім тапқыр?»</b> Б) Санамақ айту «Сана, сана, санашы!» <b>6) ҚМТ-ді қайталау</b>	Слайдпен жұмыс жасау  4 жыл мезгілі бар, 12 ай бар, 7 апта бар Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.  Алдарына берілген суреттерге есеп құрастыру 1,2,3 жина бойға күш! (жаттығу жасау) Жеке суретті кеспе карталар беру. Берілген кеспелерге сандарды тұра, кері жаздыру. Партаның алдында, астында, жанында, бетінде, оң, сол жақ
Рефлекстік Түзету	YI. Бекіту Д/О: «Ойлан, тап!» YII. Қорыту Сен де, мен де баламыз, Сегіз санын саламыз. Сегіз деген екі төрт, Сегіз жаста ағамыз. YIII. Бағалау	Тест жұмыстарын орындау  Балалар өздері тәрбиеші көмегімен жұмб.жасырады 8 саны

Күтілетін нәтиже:

Білді: Өткенді қайталауга берілген тапсырмаларды орындауды білді;

Игерді: ӘД-дегі тапсырмаларды орындауды, суретпен есеп құрастыруды игерді;

Менгерді: Ойын шарттары арқылы өз бетімен жұмыс жасауды менгерді.

**Білім беру саласы:** Таным

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Қызықты математика

**Тақырыбы:** К В Н

**Мақсаты:** Балалардың геометриялық денелер туралы білімдерін анықтау. Заттардың, ұзындық, енеін, биектігін салыстырып, өлшей білуге жетілдіру. Балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Табандылыққа, ептілікке тәрбиелеу.

<b>Әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің іс-әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<b>Дәлелдеу-ояту</b>	I. Шаттық күн шенбері Күн, мен сені сүйемін, Саған бас иемін.  Жылу бер, бақыт бер, Мейірім мен шабыт бер.	Балалар шенберде шаттық күн шенберін орындауды.
<b>Ұйымдастырушылық іздену</b>	II. Актуалдау кезеңі Әрекеттің жарыс КВН түрінде өтетінін айту. Топқа бөлу.  Д/О: «Тобынды қорға» III. Жаңа оқу іс-әрекеті -Балалар біздер бүгін қызықты математикадан өткендерімізді қайталаймыз. –Яғни топтасып жарысып өткендерді тапсырма бойынша қайталаймыз.  1) Суретпен жұмыс «Суретті есеп» ІҮ. Сергіту сәті 2) Д/О: «Кім күшті?» Ү. Дамытушылық кезең 3) «Тура, кері санау» 4) Д/О: «Қатесін тап!» 5) Д/О: «Кім тапқыр?» А) Санамақ айту «Сана, сана, санашы!»	Слайдпен жұмыс жасау  Балалар топқа ат қойып, таныстырады. Алдарына берілген суреттерге есеп құрастыру 1,2,3 жина бойға күш! (жаттығу жасау) Жеке суретті кеспе карталар беру.  Сандарды санату. Берілген есептердің қатесін тауып, мәнән табу. Алдарына берілген сандарды құрап, қай сан екенін табу.
<b>Рефлекстік Түзету</b>	ҮІ. Бекіту Д/О: «Көршісін тап!» ҮІІ. Қорыту Тоғыз - торғын тоғайың, Бауыр, туыс, ағайын. Ұстаздарың, достарың, Шаттық толы маңайың. ҮІІІ. Бағалау	Алдарына берілген жоғалған сандардың көршілерін табу.  Балалар өздері тәрбиеші көмегімен жұмб.жасырады 9 саны

Күтілетін нәтиже:

Білді: Өткенді қайталауға берілген тапсырмаларды орындауды білді;

Игерді: ӘД-дегі тапсырмаларды орындауды, суретпен есеп құрастыруды игерді;

Менгерді: Ойын шарттары арқылы өз бетімен жұмыс жасауды менгерді.